

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК**

**Оқылым**

**10-сынып**

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

басы	С
1	
2	
3	
4	
5	

**А.** “Рахат өмір біздің елде, сендер секілді біз көп әуре болмаймыз, олар саған әдейі ең ауыр жұмыс бөліп берген” дегендей әңгімелер айтады. Күлкінің мінезі күрт өзгереді. Ол арамдық ойлап, өз пайдасы үшін достарын сатып кетеді. Олар күндіз-түні тамақ ішіп, ішкен астарын жинамай ұйықтап, Достық еліндегі адамдарды мазақтап күледі екен.

**В.** Достық елінің тыныс-тіршілігі өзгереді. Жақсылық, Қуаныш, Еңбекқор өз жұмыстарын баяғыдай атқара береді. Бірақ Күлкі қайтып оралмайды.

**С.** Ертеде Достық атты ел тату-тәтті өмір сүріпті. Оларға басқа елдер қызыға қарайды екен. Достық елінің тұрғындарының бақытты да қызықты өмірлерін Қастық елінің халқы көре алмайды.

**Д.** Бір күні Қастық елінің көптен күткен арманы орындалып, Достық елінде алауыздық пайда болады. Төрт бауыр достың арасы алшақтай бастайды. Ақыры Қастық елінің басқарушылары Ұйқы мен Тамақ, Күлкіге достарын жамандап, араларына от салады.

**Е.** Осы оқиғадан кейін Күлкі, Ұйқы, Тамақ үшеуі бірге өмір сүріпті. Содан кейін жұрт оларды «Үш арсыз» деп атап кетсе керек.

**Ғ.** Достық елін төрт беделді жақын дос басқарады. Олар Жақсылық, Қуаныш, Еңбекқор және Күлкі. Жақсылық жанындағы адамдарға әрдайым көмектесіп, жақсы іс-әрекет жасайды. Қуаныш адамдарды разы етіп, қуантады. Ал, Еңбекқор азаннан ерте тұрып, ерінбей еңбек етуді, Күлкі болса ертемен еңбек етіп шаршаған адамдарға қуаныш сыйлап, күле білуді, оның рахатын сезінуді дәріптейді.

**Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:**

**1. «араларына от салады» сөзіне қарама-қарсы мағынадағы сөзді табыңыз.**

- a) іс-әрекет жасайды
- b) татуластырады
- c) алшақтатады
- d) мазақтайды
- e) араздастырады

**2. Мәтін ненің пайдасы туралы?**

- a) қастық, еріншектік, алауыздық
- ә) өтірік, ұйқы, тамақ
- c) байлық, өсек, күлкі
- d) еңбекқорлық, бірлік, достық
- e) татулық, жалқаулық, елгезектік

**3. Күлкінің жақсы ісі неде?**

- a) мазақтау, келемеждеу
- ә) кемсіту, мұқату
- c) қуанту, демалту
- d) аялау, аяу
- e) жасыру, жоқ қылу

**4. Мәтін мазмұнына жақын мақалды анықтаңыз.**

- a) Байлық, байлық емес, бірлік байлық.
- b) Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
- c) Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.
- d) Ойыннан от шығар.
- e) Адам туа жаман болмайды.

**5. «Көре алмайды» сөзімен мағыналас сөзді табыңыз.**

- a) қызығады
- b) өкпелейді
- c) қызғанады
- d) қуанады
- e) соқыр

## 2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Отбасы – адам баласының алтын кемесі. Өйткені адам шыр етіп өмірге келгенінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алатын мектебі. Отбасы мүшелерінің жасы әртүрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен жақындығы, бір-біріне мейірімі бар. Отбасы бір мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнімі, сыртқы және ішкі саясаты, бюджеті, т.б. болатын сияқты, әр отбасының тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар.

Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, еңбекқорлыққа үйретіп өсірген. Үнемі отбасында осылай тәрбие көрген бала алғыр, адал, шыдамды, ұқыпты болып шыға келеді. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана біріншіден баласына өздерін құрметтеуді, басқаларға, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді ренжітпеуді үйреткен. Сонымен қатар, балаларының жақсы адам болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

Отбасы – құрмет, келісім бар кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю – отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы мектебі. Адамның жақсы адам болып өсуі отбасынан басталады. Ол ерте жетіп өседі, бойына жақсы қасиеттер жинайды.

Отбасы – табиғат сыйлаған байлықтардың бірі. Жеке адамның бойындағы әдептілігін, ақылын, мейірімділігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, еш нәрсемен өзгертуге болмайтын байлық. Отбасында адам бойындағы жақсы қасиеттер қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – отбасын, туысқандарын жақсы көруден басталады. Сол себепті біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі деп білеміз. «Өз үйім – өлең төсегім» деген қазақ мақалында айтылғандай, өз үйің әрқашан жылы көрініп, жанға жақын болады. Сол үшін әр адам өз отбасын құрметтей білуі міндетті болып табылады.

### Мәтін бойынша тест тапсырмалары:

#### 1. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- Оның отбасы қандай?
- Отбасы сөзінің мағынасы қандай?
- Отбасы туралы ақын қандай өлең жазды?
- Отбасы мүшелерінің атқаратын міндеттері қандай?

#### 2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

*Отбасы – ... сатысы болып табылады.*

- адамдардың жеке өмірінің
- бала тәрбиесінің ең бірінші
- достары мен құрбыларының арасындағы
- адамдардың жұмыстағы қарым-қатынасының

#### 3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- отбасы, тәрбие, Отан
- ата-аналар, Отан, бала
- тәрбие, құрмет, мемлекет
- мәдениет, тәрбие, жеке адам

#### 4. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- Ата-ана баласына сыпайылық танытуды, ешкімді ренжітпеуді үйретулері керек.
- Ата-аналар, біріншіден, балаларына үлкендерге сыпайылық танытуды үйретулері керек.
- Ата-ана, біріншіден, баласына өздерін құрметтеуді, басқаларға, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді ренжітпеуді үйретулері керек.
- Әрбір ата-ана өз балаларына, біріншіден, үлкендерді құрметтеуді, оларға сыпайылық танытуды, сонымен қатар ешкімді ренжітпеуді үйретулері керек.

#### 5. Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

*Адамның жақсы адам болып өсуі үшін не қажет?*

- Отбасындағы тәрбие қажет.
- Ата-анасы мәдениетті болуы керек.
- Отбасына, анасына жақын болуы керек.
- Тәрбие туралы көп мақалдарды білуі қажет.

#### 6. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы.
- Бала тәрбиесіндегі ананың алатын орны.
- Ата-анаға құрмет көрсету, оларды ренжітпеу.
- Отбасындағы бала тәрбиесіне байланысты мәселелер.

#### 7. Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- Өз үйім- төсегім
- Отбасының қазіргі рөлі
- Отбасы – алтын мектеп
- Отбасына деген сыйластық

#### 8. Мәтін бойынша, «Отбасы деген не?» сұрағының жауабы

- Отбасы – алтын мектеп, достар, туыстар

- b) Отбасы – кеме, сыйластық, достық, дәреже
- c) Отбасы – құрмет, даңқ, атақ, мақтаныш
- d) Отбасы – Отан, мемлекет, мектеп, байлық

**9. Бұл мәтін не туралы?**

- a) Отбасын ертерек құру қажеттігі туралы
- b) Отбасы проблемалары туралы
- c) Отбасы құндылығы туралы
- d) Отбасы ерекшеліктері туралы

**10. Мәтінде кездесетін синоним сөздерді жазыңыз.**

---